«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ

**БЕКІТЕМІН**
«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы - Ректор
_______С.Н.Идрисов
«19»____07____2024 ж

**КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ КУРСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**№ 219**

**Атырау, 2024 ж.**

| | Лауазымы | Т.А.Ә. | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|
| **Әзірлеген** | Кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің жетекшісі | Г.Ж.Нурсултанова | | 18/VII-2024ж |
| **Келісілді** | Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры | А.Е.Чукуров | | 19.07 |
| | Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі | Ж.Т.Кайшыгулова | | 18.07.2024 |
| | Заңгер | К.С.Куанов | | 19.07.2024. |

## Мазмұны

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Қолдану саласы | 4 |
| 2 | қысқартулар | 4 |
| 3 | Нормативтік сілтемелер | 4 |
| 4 | Терминдер мен анықтамалар | 5 |
| 5 | Кеңсенің құқықтары | 5 |
| 6 | Кеңсенің жауапкершілігі | 5 |
| 7 | Біліктілікті арттырудың формалары | 6 |
| 8 | Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі | 6 |
| 9 | Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды ұйымдастыру және жүргізу рәсімі | 7 |
| 10 | Кадрларды қайта даярлау | 7 |
| 11 | Үлгі және қосымшалар | 9 |
| 12 | Танысу парағы | 13 |
| 13 | Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы | 14 |

1 **Қолдану саласы**

Осы "Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарының ережесі" (бұдан әрі - ереже) профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі - ПОҚ), мемлекеттік ұйымдардың, компаниялардың қызметкерлерінің және өзінің кәсіби деңгейін көтергісі келетін өзге де жеке тұлғалардың біліктілігін арттыру және қосымша білім беру процесін басқару мақсатында әзірленді.

2 **Белгілер мен қысқартулар**

АУ – Халел Досұхамедов атындағы Атырау университеті
ПОҚ - профессорлық-оқытушылық құрам
ККД БА кеңсесі - кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесі
БА - біліктілікті арттыру
АБ - академиялық блок
ОӘК - оқу-әдістемелік кеңес
ҒӘК - ғылыми-әдістемелік кеңес
СМК- сапа мониторингі кеңсесі

3 **Нормативтік сілтемелер**

Осы рәсім мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы.

3. "Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы
4. Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы.

Осы рәсім мынадай нысандарды қолданысқа енгізеді:

- ✓ Оқуға өтінім.
- ✓ Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарының ұсынылатын тізбесі.
- ✓ Біліктілікті арттыру жоспары-кестесі.
- ✓ Біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы.
- ✓ Біліктілікті арттыру курстарына оқуға түсуге өтініш.
- ✓ Даярлау, қайта даярлау немесе біліктілігін арттыру бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасау.
- ✓ Сертификаттарды тіркеу журналы.
- ✓ Келу парағы.
- ✓ Оқыту тиімділігін бағалау сауалнамасы.
- ✓ Сертификаттар беру парағы.
- ✓ Тыңдаушылармен шарттарды тіркеу журналы.

4 **Терминдер мен анықтамалар**

**біліктілік** – тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;

**білім беру мониторингі** – білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;

**қорытынды бағалау** – қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі;

**педагогтердің біліктілігін арттыру** – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

**педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы** – үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым;

**педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу** – педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;

**сертификат** – біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан табысты өткен тыңдаушыларға берілетін құжат;

**сертификатқа қосымша** – бағалары көрсетілген білім беру бағдарламасының меңгерілген модульдерінің тізбесі бар құжат;

**сертификатталған тренер** – тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын адам;

**сыртқы қорытынды бағалау** – біліктілікті арттырудың ұзақ мерзімді курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыретін растау рәсімі;

**тыңдаушы** – біліктілікті арттыру курсынан өтуші адам.

5 **Кеңсе құқықтары**

- біліктілікті арттыру және қайта даярлау курсы құзыретіне қатысты оқу, әдістемелік, ғылыми және ұйымдастырушылық қызметі мәселелері бойынша оқытушылармен, тыңдаушылармен жедел кеңестер өткізу;
- біліктілікті арттыру және қайта даярлау курсы туралы қызметке қатысты мәселелерді талқылау кезінде басшылық шақыратын кеңестерге қатысу;

6 **Кеңсе жауапкершілігі**

Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру жауапкершілігі кеңсе жетекшісіне жүктеледі

Біліктілікті арттыру курстарын өткізуге жауапты:

- ККД БА кеңсе қызметкерлері;
- "Атырау университеті Х.Досмұхамедов" КеАҚ-пен шарт жасасқан дәріскер/тренер

Қызмет көрсету туралы актілер мен шот-фактураларды дайындау бойынша университеттің бас бухгалтері жауапты болады.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері бойынша бір көзден, баға ұсыныстары тәсілімен, конкурс тәсілімен электрондық шарттардың, электрондық шарттардың, қызмет көрсету туралы актілердің жобасын Университеттің Мемлекеттік сатып алу және материалдық қамтамасыз ету басқармасының қызметкерлері қалыптастырады және жауапты болады.

Қаржы құжаттарын келісу бойынша жауапкершілікті ККД БА кеңсе жетекшісі, экономикалық бөлімінің жетекшісі көтереді.

Университеттің ПОҚ және Қазақстан Республикасының басқа да жоғары оқу орындарына, мемлекеттік ұйымдардың, компаниялардың қызметкерлеріне және осы рәсімді қолдану бойынша өзінің кәсіби деңгейін көтергісі келетін өзге де тұлғаларға түсіндіру және әдістемелік көмек көрсету үшін жауапкершілік ККД БА кеңсесі басшысына жүктеледі.

7 **Біліктілікті арттырудың формалары**

Біліктілікті арттырудың негізгі формалары: курстар, семинарлар, топтық тренингтер, мастер-кластар, жаппай онлайн оқыту курстары болып табылады.

Біліктілігін арттырудан өткен тыңдаушыларға тиісті үлгідегі сертификат беріледі.

8 **Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру рәсімі**

Курстар:

- ✓ еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- ✓ жалақысын сақтай отырып еңбек қызметінен қол үзіп (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- ✓ аралас (күндізгі қашықтықтан оқыту әдісімен) әдістерімен ұйымдастырылады.
- ✓ Білім беру үрдісі АУ оқу жоспарымен, сабақ кестесімен реттеледі.
- ✓ тыңдаушыларды біліктілікті арттыру курстарына қабылдау АУ басшысының бұйрығымен ресімделеді.

2. Тыңдаушы біліктілікті арттыру курстарынан келесі өту шарттарын көрсете отырып, АУ-мен оқу шартына (келісіміне) қол қояды:

- ✓ белгіленген оқу жоспарына, кестесіне және сабақ кестесіне сәйкес оқуға;
- ✓ оқу тәртібін және мінез-құлық нормаларын сақтауға, оның ішінде профессорлық-оқытушылар құрамына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқпауға;
- ✓ біліктілікті арттыру курсының кестесіне сәйкес барлық сабақтардын кемінде 80%-на қатысуға;
- ✓ алынған ең жоғары балдың кемінде 50% көлемінде қорытынды тестілеуден өтуге міндетті.

3. АУ тыңдаушылардың дербес деректерін "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінен жинауды жүзеге асырады және тыңдаушы шартта (келісімде) белгіленген талаптарды бұзған жағдайда жұмыс берушіні және (немесе) білім беру органдарын хабардар етеді.

4. Шарт (келісім) курстардан өтуді ұйымдастыру бойынша барлық шығындарды төлеуге байланысты бюджеттен тыс қаражатты аудару үшін негіз болып табылады.

5. Қысқа мерзімді курстар аяқталғаннан кейін АУ оқу бағдарламасына сәйкес нысан бойынша қорытынды бағалау жүргізеді.
6. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан табысты өткен тыңдаушыларға тақырыпты және сағат көлемін көрсете отырып, біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы бойынша сертификат, сондай-ақ осы сертификатқа қосымша береді.
7. Қорытынды бағалаудан өтпеген тыңдаушыларға АУ біліктілікті арттыру курсын тыңдағаны туралы еркін нысанда анықтама береді.
8. Сертификат ала алмаған тыңдаушылардың мынадай мүмкіндіктері бар:

1) бір жылда бір реттен артық емес білімін қайта бағалау;

2) курстардың келесі легімен білімін қайта бағалау;

3) дәлелді себептер бойынша ағымдағы жылдың ішінде бір лектен екінші лекке ауысу;

4) дәлелді себептер бойынша аяқталмай қалған курсты растау құжаттарын ұсына отырып аяқтау.

9. Ұйым басшысы, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлға курстар аяқталған күннен бастап және сертификат берілген күннен бастап 3 (үш) жыл бойы қолданыстағы сертификатқа және сертификаттың түпнұсқалығын тексеру үшін QR-коды бар оған қосымшаға қол қояды.

9 **Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды ұйымдастыру және жүргізу рәсімі**

I Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагог алған кәсіби құзыреттерін оқу процесінде қолданады.

II ККД БА кеңсесі бір күнтізбелік жыл ішінде біліктілігін арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің алған білімдерін тәжірибеде сапалы жүзеге асыру үшін қызметіне курстан кейінгі қолдау көрсетеді.

III Курстан кейінгі сүйемелдеу мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен айқындалады.

IY Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізудің түрлері:

- ✓ тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;
- ✓ педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық көмек көрсету;
- ✓ педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (байқаулар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру шаралары) өткізу.

Y Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингілеу 3 (үш) жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

10 **Кадрларды қайта даярлау**

I Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

тыңдаушы – педагогтік білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар адамдар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖОО) базасында педагогтік қайта даярлаудан өтеді.

II Педагогтік қайта даярлау тәртібі

Педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қазанда № 17565 болып тіркелген) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішіне сәйкес "Педагогикалық ғылымдар" даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізуге "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес лицензиясы бар АУ базасында қайта даярлау курстары өткізіледі

III Педагогикалық кадрларды қайта даярлау курстары күндізгі (онлайн) оқу нысаны бойынша жүргізіледі.

IY АУ басшының шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына академиялық мәселелер жөнінде проректор, вице-проректор, профессор-оқытушылар құрамының өкілдері және ККД БА кеңсесінің жетекшісі кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы академиялық мәселелер жөнінде проректор болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының құрамына кірмейді. ЖОО басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

Y Курсқа түсуші адамдар АУ-дың қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды тапсырады:

1) еркін нысанда ЖОО басшысының атына өтініш;
2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3) білімі туралы құжаттың көшірмесі;
4) 3х4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
5) белгілеген нысандағы медициналық анықтама;
6) мына құжаттардың біреуін:

Сонымен қатар, осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда ЖОО-ның қабылдау комиссиясының хатшысы құжаттарды қайтарады.

ҮІ Осы көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылған жағдайда қабылдау комиссиясының шешімімен және АУ басшысының немесе міндетін атқарушы адамның бұйрығымен педагогикалық қайта даярлау курсына қабылдау жүзеге асырылады.

ҮІІ Қайта даярлау курсына қабылданғаннан кейін, АУ мен тыңдаушы арасында шарт жасалады.

ҮІІІ "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес нарықтың қажеттілігін, жұмыс берушілердің үміттерін және тыңдаушылардың жеке қызығушылықтарын ескере отырып, Педагогтің кәсіби стандартына сәйкес педагогтік қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын АУ дербес айқындайды.

ІХ Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын меңгеру жоғары оқу орны айқындайтын нысанда тыңдаушыларды қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

Х Осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес педагогикалық қайта даярлау бағдарламасынан сәтті өткен тыңдаушыларға АУ сертификаты беріледі.

**1-үлгі** *(бұл сауалнаманы Google forms арқылы жасауға болады)*

Кері байланыс сауалнамасы

*Құрметті әріптес!*

*Біз курстан кейінгі кезеңде сіздің білім беру қажеттіліктеріңізге бағытталған курстық іс-шаралардың сапасы мен тиімділігін арттыруға мүдделіміз. Осыған байланысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз:*

Анкета обратной связи

*Уважаемый коллега!*

*Мы заинтересованы в повышении качества и эффективности курсовых мероприятий, которые ориентированы на Ваши образовательные запросы в посткурсовой период. В этой связи просим Вас ответить на следующие вопросы:*

Қатысушының толық аты-жөні:/ФИО участника: ____________________

Жұмыс орны:/Место работы: ____________________

Қызмет атауы:/Должность: ____________________

1. Курстарды өткеннен кейін кәсіби өсуіңізді қалай бағалайсыз?/Как Вы оцениваете свой профессиональный рост после обучения на курсах?

☐ айтарлықтай өсті/заметно повысился
☐ өсті/повысился
☐ айту қиын/трудно сказать

2. Ұсынылған курс материалы сіздің жұмысыңызда практикалық қолдану үшін қаншалықты пайдалы?/Насколько предложенный материал курсов полезен для практического применения в Вашей работе?

☐ Пайдалы/полезен
☐ жеткілікті пайдалы емес/недостаточно полезен
☐ практикалық мәні жоқ/не представляет практической ценности

3. Біліктілікті арттыру курстарынан күткен үміттеріңіз қаншалықты орындалды?/Насколько Ваши ожидания от курсов повышения квалификации реализовались?

☐ толығымен/полностью
☐ ішінара/частично
☐ орындалмады/не реализовались

4. Сіз қызметтің қандай салаларында қиындықтарды бастан кешіресіз?/По каким направлениям деятельности Вы продолжаете испытывать трудности?

☐ оқу процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету/нормативно-правовому обеспечению образовательного процесса
☐ психологиялық-педагогикалық/психолого-педагогическому
☐ зерттеу/научно-исследовательскому
☐ әдістемелік/методическому
☐ жоспарлау/планирование
☐ педагогикалық талдау мәселелері/проблемам педагогического анализа
☐ тәрбиелік/воспитательному
☐ ұйымдастырушылық/организационному
☐ басқарушылық (менеджерлері үшін)/управленческому (для руководителей )

5. Білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы ақпаратты қандай көздерден аласыз?/Из каких источников Вы получаете информацию об инновационных подходах к образованию?

☐ біліктілікті арттыру курстары курсы повышения квалификации
☐ Қазақстан Республикасының ғылыми-әдістемелік басылымдары научно-методические издания РК
☐ ТМД және шет елдердің ғылыми-әдістемелік басылымдары научно-методические издания СНГ, дальнего зарубежья
☐ ғылыми-әдістемелік орталықтан/от научно-методической центры
☐ Интернет ресурстары, желілік қауымдастық интернет ресурсы, сетевое сообщество
☐ Басқа/другое

6. Курстан кейінгі кезеңде бізбен байланыста болғыңыз келе ме? Егер иә болса, қандай формада?Хотели бы Вы поддерживать связь в посткурсовой период с нами? Если да, то в какой форме?

☐ Конференция/Конференция
☐ Семинар/Семинар
☐ Дөңгелек үстел/Круглый стол
☐ Шебер-сыны/Мастер-класс
☐ Басқа/Другое

7. Сіздің ұсыныс-пікіріңіз/Ваше предложение

______________________________________________

Сауалнаманы толтырғаныңыз үшін рахмет!
Благодарим за заполнение анкеты!

**2-үлгі**

Облыс, қала ____________________

Курс тыңдаушысының АӘФ: ____________________

Жұмыс орны: ____________________

Лауазымы: ____________________

Кестеде өткен курстардың тақырыптары аясында тәжірибеңіз бен дағдыларыңызды қолданған іс-шараларды көрсетіңіз.

| | Шебер-сыныптар | | | | Дөңгелек үстел | | | | Семинар тренингтер | | | | Конференциялар | | | | Жарияланған мақалалар (обл., республик., шетел басылымдар) | | | | Әдістемелік құрал | | | | Әдістемелік нұсқаулық | | | | Интеллектуалды не шығармашылық байқаулар | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саны | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Оқу жылы | мектепішілік | аудан/қала | облыстық | республикалық | мектепішілік | аудан/қала | облыстық | республикалық | мектепішілік | аудан/қала | облыстық | республикалық | мектепішілік | аудан/қала | облыстық | республикалық | аудан/қала | облыстық | республикалық | Шетелдік | мектепішілік | аудан/қала | облыстық | республикалық | мектепішілік | аудан/қала | облыстық | республикалық | мектепішілік | аудан/қала | облыстық | республикалық |
| ... | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Кестеге ұйым басшысының мөрімен және қолымен куәландырылған расталған құжаттарды (сөйлеген сөздер мен жарияланымдарды) қоса беріңіз.

Педагогтік қайта даярлау
қағидаларына
1 - қосымша

Сертификат

_______________________________________________

*(Ф.И.О.) (при наличии)*

20__ жылғы "___" _______ "___" ________ 20__ жылға дейін
______________________________________ кредит көлемінде

_______________________________________________

*(жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының атауы)*

педагогикалық қайта даярлау курсынан өтті

_______________________________________________

*(басшының Т. А. Ә., қолы)*

Мөр орыны
Берілген күні " ___" ____________ 20___ ж
Тіркеу нөмірі: № ___ "__" _______ 20__ ж.

Педагогтердің біліктілігін
арттыру курстарын
ұйымдастыру және өткізу,
сондай-ақ педагогтің қызметін
курстан кейінгі
қолдау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымның ресми атауы | Ұйымның логотипі | Официальное наименование организации |

СЕРТИФИКАТ

Осымен _________________________________ біліктілікті арттыру
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
курсын ____________________________________ тақырыбы бойынша
(курс тақырыбы)
______ академиялық сағат көлемінде өткендігін растайды.

Ұйым басшысы ___________________________ ____________ Мөр орны
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы) (бар болған жағдайда)
Тіркеу нөмірі № ________
Берілген күні: "___"_____________ 20__жыл

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| № | Қызметкердің Т. А. Ә. | Лауазымы | Танысу күні | Қызметкердің қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

## ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| № п/п | құжат бөлімінің, кіші бөлімінің, тармағының, тармақшасының № | Өзгерісті енгізу күні | Негіздеме (бұйрықтың №, күні) | Өзгеріс енгізілген күн | Өзгеріс енгізген тұлғаның қолы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |